

**«ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ
ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІң
«ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДӘНЕШ РАҚЫШЕВ АТЫНДАҒЫ
ФИЛАРМОНИЯСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Талдыкорған қаласы

«10» желтоқсан 2024 жыл

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағын басшылыққа ала отырып, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор ұйымдары мен субъектілерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, және «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысының Дәнеш Рақышев атындағы филармониясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналыш кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес, кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы Ереже және 2024 жылғы "20" карашадағы №74/н бұйрықты негізге ала отырып, кәсіпорын Комплаенс - офицері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Жұмыс процестері мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісінің атауы - концерт бөлімі, және кәсіпорынның кадрлар бөлімі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2024 жыл.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 8-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1). Бөлімшениң қызметіне қатысты нормативтік күқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2). Бөлімшениң ұйымдық-басқару қызметінде, оның ішінде мәселелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:
 - персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
 - мүдделер кактығысын реттеу.

Концерт бөлімі мен кадрлар бөлімі рұқсат беру және бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

Талдауға жататын құрылымдық бөлімшелер өз қызметін кәсіпорын Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

Жарғыға сәйкес концерт бөлімінің міндеттері: - Музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді үйымдастыру, жогары көркемдік бағдарламалар мен нөмірлер жасау үшін жағдай жасау, кәсіби көркемдік үжымдар мен жекелеген орындаушылардың концерттерін үйымдастыру, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру.

Жарғыға сәйкес кадрлар бөлімінің міндеттері: - Кәсіпорынды жұмысшылар мен мамандарды, қажетті мамандықтарды кадрлармен қамтамасыз ету, оларды орналастыру, оқыту, даярлау және қайта даярлау, кадрларды есепке алу жүйесін үйымдастыру, персоналды басқару, Қазақстан Республикасының Еңбек және өзге де заңнамасын сактау.

1. Кәсіпорынның концерт бөлімінің қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Концерт бөлімі өз қызметінде Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады:

1.1. Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" 15 желтоқсан 2006 жылғы Заны №207 - III ҚРЗ;

1.2. "Мемлекеттік мәдениет үйымдарында билеттерді дайындау және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м. а. 2021 жылғы 19 наурыздағы №77 бұйрығы;

1.3. "Мемлекеттік мәдениет үйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығы.

Кадрлар бөлімі өз қызметінде Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады:

1.4. ҚР Еңбек кодексі;

1.5. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен үсталатын үйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 ж. №1193 қаулысы;

1.6. "Мемлекеттік және мемлекеттік емес үйымдарда құжаттандыру, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 25.08.2023 ж. №236 бұйрығы;

1.7. "Қызмет салалары үшін ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму Министрінің 01.09.2016 ж. №775 бұйрығы;

1.8. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен үсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық әлеуметтік қамсыздандыру кәсіпорындарының қызметкерлеріне арналған мамандық бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2016.06.10 №495 бұйрығы;

1.9. "Еңбек кітапшаларын жүргізу және сактау нысанын, қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 30.11.2015 ж. №929 бұйрығы.

Концерт бөлімі мен кадрлар бөлімінің қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне жүргізілген талдау Кәсіпорында сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін кемсітушілік өкілеттіктер мен нормалардың жоқтығын көрсетті.

2. Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2.1. 2024 жылғы кезеңде концерттік бөлімнің қызметінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 19.03.2021 жылғы №77 "Мемлекеттік мәдениет ұйымдарында билеттерді дайындау және өткізу қагидаларын бекіту туралы" бұйрығының 2 тармағының 1 тармақшасының талаптарының бұзылғаны анықталды, атап айтқанда концерттік іс-шараларды өткізу кезінде әрбір концерттік іс-шара үшін билет кітапшалары болмағандығы және тиісінше толтырылмағанын, ал билет кітапшасы қатаң есептіліктегі билет бланкі болып табылатынын білдірген тек үлгілер бойынша және Тапсырыс беруші (мәдениет ұйымы) әзірлеген техникалық ерекшелікке сәйкес типографиялық тәсілмен және кітапқа тігілетіні белгіленген.

Бұдан басқа, жоғарыда көрсетілген бұйрықтың 2-тарауының 4-тармағының бұзылғаны анықталды, атап айтқанда, концерттік билеттерде мынадай ақпарат болмаған:

- Көрермен залындағы қатардың және орынның нөмірі туралы;
- Іс-шарада фонограмманың болуы немесе болмауы туралы;
- Қағаз жеткізгіштердегі билеттердің айырым белгілері-алты танбалы сериялық нөмір және реттік нөмірлері.

Жоғарыда аталған бұзушылықтар сыйайлас жемқорлық тәуекелін құрады, алайда аталған бұзушылықтар бүтінгі күні толық қолемде жойылды.

2.2. 2024 жылғы кезеңде кадрлар бөлімінің қызметінде "Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда электрондық күжат айналымы жүйелерін құжаттандыру, құжаттаманы басқару және пайдалану қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығының 124-тармағы талаптарының тиісінше орындалмағандығы айқындалды, атап айтқанда, Қорғауға жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген баспа-бланкілік өнімді есепке алу тиісті тіркеу есепке алу нысандарында: журналдарда, карточкаларда және автоматтандырылған ақпараттық жүйелерде, қорғауға жататын баспа-бланкілік өнімді есепке алу және беру журналында нысан бойынша жүргізілмегендігі анықталды.

Сондай-ақ, аталған бұйрықтың 125-тармағының талаптары бұзылғандығы, қорғауға жататын бланкілерді беру ұйымның ведомстволық

нұсқаулықтарында көзделген тиісті тіркеу есепке алу нысандарында қолхатпен жүргізілмегендігі.

Сонымен қатар, бұйрыктың 47-тармағының талаптарын бұза отырып, кәсіпорынның кадрлар бөлімі бұйрықтарды есепке алу журналында жеке құрам бойынша бұйрықтар шығарған кезде "i" әрпін қолданды, алайда бұйрыктың 47-тармағында "ж/к" немесе "к" әрптерін қолдану қажеттілігі көрсетілген.

Кадрлар бөлімі "Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының ұлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 01.09.2016 ж. №775 бұйрығының талаптарын бұзуға жол берген.

Жоғарыда көрсетілген бұйрықтардың талаптарына сәйкес келмейтін лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеген, бұл сыйайлас жемқорлық тәуекелі болып табылады.

Кәсіпорында мемлекеттік сатып алу бойынша менеджер лауазымы болмаған, дегенменен, менеджер лауазымы болмаса да мемлекеттік сатып алу жұмысын толыққанды бухгалтер жүргізгені анықталды. Кадрлар бөлімінің қызметкерлері осындай кемшіліктерге жол бермей мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджердің штат бірлігін беру туралы өтінішпен "Жетісу" облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасына тиісті тәртіппен жазбаша түрде жүгінуі қажет еді, бұл да сыйайлас жемқорлық тәуекелі болып табылады.

Бұғынгі күні аталған бұзушылықтары жойылды.

3.Мұдделер қақтығысын реттеуде сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша.

3.1. Тексерілетін кезеңде кәсіпорын қызметінде ішкі талдау жүргізу барысында мұдделер қақтығысы анықталған жок.

Жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, ата-анаңы бір және ата-анаңы бөлек агалары мен әпкелері, аталары, әжелері, немерелері немесе жұбайлары) атқаратын лауазымға тікелей бағыну фактісіне байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде үлестес болу (аффилированность) фактілері анықталған жок.

Кәсіпорынның барлық қызметкерлері кәсіпорынның ішкі жергілікті актілерімен міндетті түрде танысқан.

Атап өтелген сыйайлас жемқорлық тәуекелдерінен басқа, сондай-ақ персоналды басқаруда сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок, мұдделер қақтығысының болу фактілері де анықталған жок.

ҰСЫНЫС:

1. Концерттік билеттер мен концерттік кітапшаларды дайындау және откізу қағидаларына қатысты кәсіпорынның концерттік бөлімінің қызметіндегі бақылауды күшейту, Қазақстан Республикасы Мәдениет және

спорт министрінің м.а. 19.03.2021 жылғы №77 Бұйрығының талаптарын мүлтіксіз сактау.

2. Қорғауға жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген баспа-бланкілік өнімді есепке алуға қатысты кәсіпорынның кадрлар бөлімінің қызметіндегі бақылауды күшейту, тиісті тіркеу есепке алу нысандарында: журналдарда, карточкаларда және автоматтандырылған ақпараттық жүйелерде, қорғауға жататын баспа-бланкілік өнімді есепке алу және беру журналында жүргізу, Мәдениет министрі бұйрығының талаптарын мүлтіксіз сактау құжаттара қагидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 25 тамыздағы №236, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалануды" заң шеңберінде орындау.

Комплаенс - офицер



Кульбеков Д.С.